



Автор: Карагулова Гаухар Опиновна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Атақты тұлғалар
Тақырып: Болымды және болымсыз етістік

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар жасай алады: • Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге, өз ойын дәлелдеуге және толық, жүйелі, түсінікті етіп айтуға, ойын жазбаша жеткізуге дағдыланады. Оқушылардың көбі жасай алады: • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады.
Бағалау критерийлері:	• Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. Оқушылар қазақ билер, ақын-жазушылары мен күйшілері жайлы мәліметпен таныса келе, мәтін мазмұнын түсінуге, болжам жасауға және пікір білдіруге дағдыланады. Сондай-ақ қатемен жұмыс жасауға үйреніп, каллиграфиялық жазу дағдысына төселеді.
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	6-бөлім материалдары оқушылардың алдыңғы бөлімдерде игерген білімдеріне негізделіп меңгертіледі.

Сабақ барысы


Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5-7 минут)	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте. «Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған жалауларыналып, 1,2,3 топтарға бөлініп отырады. 1-топ «Бақыт жалаулары» 2-топ «Арман жалаулары» 3-топ «Қуаныш жалаулары» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) (Ұ) Шараданың жауабын табу. Алғашқы түбір сөз – Малдың түрі, Екінші түбір сөз – Жыл аттарының бірі, Екеуін қосып оқысаң – Үй құсы ірі. (Түйе + тауық =Түйетауық) ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары
Сабақтың ортасы (10-15 минут)	3.4.2.5 (МК; Ө; Қ) Етістіктерді салыстырып оқып, ой тұжырым жасау. Түбір мен қомымшаны ажырату. 28-жаттығу. Етістіктерді салыстырып оқып, ой тұжырым жасайды. Олардың мағыналарында қандай өзгешеліктер бар екені аңғартылады. Қосымшалы етістіктерді көшіріп жазады. Түбір мен қосымшаны тиісті белгімен белгілейді. 3.4.2.5 (МК; Ө; Ж; Қ) Мақалды жатқа, көркем жазу. Етістіктерді салыстырып, мағыналарындағы өзгешелікті айту. 29-жаттығу. Мақалды оқып, жатқа көркемдеп жазады. Жүппен жұмыс жасайды. Мұғалімнің көмегімен бір-бірінің қатесін тауып, түзетіп, орындалған жұмысты өзара бағалайды. Мақалдың мағынасына талдау жасап, өз пікірін білдіреді. Қарамен жазылған етістіктерді салыстырып, олардың мағыналарында қандай өзгешелік бар екенін айтып, түсіндіреді. (МК; Ұ) Жаңа ақпаратты оқу, талдау. Оқулықта берілген жаңа ақпаратты түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады. Оқушылардың жаттығуларды орындау барысында жасаған ой тұжырымдарына сүйеніп, болымды және болымсыз етістік туралы жаңа ақпарат түсіндіріледі. Мысалдар келтіру арқылы игерген білімдерін бекітеді. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмалары.
Сабақтың соңы (8-10 минут)	3.3.5.1 (Ө; Ж; Қ) Тыйым сөздердің қатесін түзеп, көшіріп жазу. 30-жаттығу. Тыйым сөздерді қатесін түзеп, көшіріп жазады. Мағынасына талдау жасайды. Жүппен жұмыс жасайды. Мұғалімнің көмегімен бір-бірінің қатесін тауып, түзетіп, орындалған жұмысты өзара бағалайды. 3.4.2.5 (Ө; Қ) Ребусты шешу. Өз ойын дәлелдеу. Шығармашылық үзіліс. 31-жаттығу. Ребусты шешеді. Ребустағы үшінші сурет – парта. Ребустың шешуіндегі «баспа» сөзі болымсыз етістік бола ала ма? сұрағына жауап беріп, өз ойын дәлелдейді. (МК; Т; Қ) «Атақты тұлғалар» туралы суреттердің көмегімен әңгіме құрастыру. Мұғалімнің басшылығымен оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатында «Коллаж әңгіме» стратегиясы топтық жұмыс түрінде жүзеге асырылады. Сипаттамасы: Мұғалім оқушыларға түрлі түсті суреттері бар журналдар береді. Олар журналдардан ұсынылған тақырыпқа сәйкес суреттерді қиып алып флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады. Мұғалім оқушыларға топтық жұмысты қорғаудың мақсаты мен қойылатын талаптарын белгілейді және қағазға түсіріп, сынып қабырғасына іліп қояды. Үлгі: сөйлеу барысында тақырыптан ауытқымау; берілген тақырыпқа сәйкес өз сөйлеуін қанатты сөздер, мақал-мәтелдермен нақтылау; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану; сөйлеу барысында берілген уақытты сақтау. Жұмыстарын топта жариялау.	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Түрлі түсті суреттері бар журналдар, флипчарт, желім

Рефлексия
(5-8 минут)

Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) «Білім сандығы» кері байланыс.

Оқушылар сабақтан алған
әсерлерін кері байланыс
парағы тапсырмалары
арқылы білдіре алады.



The diagram illustrates the «Бас бармақ» (Thumb) method for reflection. It features a large red and yellow semi-circle on the left. At the top, a hand gives a thumbs-up gesture next to the title «Бас бармақ» тәсілі. Below the title, three rows of text and icons are shown: 1. «Барлығын түсіндім ---» (I understood everything) with a red thumbs-up icon. 2. «Енді түсініп келемін ---» (I am beginning to understand) with a green thumbs-up icon. 3. «Түсінбедім ---» (I did not understand) with a blue thumbs-down icon. At the bottom left, there are small navigation icons: a left arrow, a pencil, a speech bubble, and a right arrow.